

КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАҢДАРДАН ЖАУАП АЛУ—ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН
ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТІНІҢ БІРІ

Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауда, қылмыстылықпен күресу, қылмысты тез арада және заңдарды сақтай отыра ашу, қылмыс жасаушылар тарапынан болатын қарсылықтардан сақтану, қылмыстық жауапкершіліктен қашудың әртүрлі қулықтар мен айдаларға жол бермеуде және тергеу әрекеттерінің нәтижелілігі мен тиімділігіне елеулі әсер ететін криминалистика ғылымының бір саласы — тергеу тактикасының маңызы өте зор¹.

Қылмыстарды тергеу әдіс тәсілдеріне, криминалистика техникасы мен тактикасына еліміздегі әлеуметтік экономикалық өзгерістер, ғылым мен техниканың дамуы, қылмыстардың бұрынға қарағанда жасалу жолдары мен қылмыстың небір жаңа түрлерінің пайда болып, олардың түрлене түсуі, жүргізіліп жатқан құқықтық реформалар өз талаптарын алға тартып, тергеу тактикасының дамуының алғышарттарын жасауда.

Қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру туралы Қазақстан Республикасы Құқықтық саясат тұжырымдамасының қағидаларын іске асыруға бағытталған және өлім жазасын қолдануды шектеу жөніндегі бағдарламалық құжаттармен бекітілген бағыттың заңды жалғасы болып табылатын Елбасының «Қазақстан Республикасында өлім жазасына мораторий енгізу туралы» жарлығы осы саладағы қайта құруларға нақты өзгерістерге жол ашатынына шүбә жоқ.

Заң ғылымының бұл арнаулы курсы оқып зерттеу және алдыңғы қатарлы білімдерді игеру, тергеу және құқық қорғау органдары қызметкерлерімен қатар, ел экономикасы мен қоғамының қай саласында болмасын қызмет ететін сырттай оқитын бөлімнің студенттерді үшін әрқашан қажет болатындығы сөзсіз.

Қазақстан Республикасы Конституциясындағы Кінәсіздік презумциясының нормаларын жетекшілікке ала отырып, сезіктіні, айыпталушыны, сотталушыны және түптен келгенде қылмыс жасаушының кінәсін өкілеттілігі бар арнайы органдар дәлелдеу керек екендігі, сонымен қатар, тергеу қимылдары кезінде жиналған деректердің анықтау және тергеу процесі кезінде сезікті мен айыпталушының кінәлілігін немесе кінәсіздігін анықтауда басты рөл атқаратындығы айтпаса да түсінікті.

Алайда, қылмысты тергеу кезінде жіберілген тактикалық олқылықтар мен қателіктер нақты сезіктінің, айыпталушының кінәлі немесе кінәсіз еместігін дұрыс анықтауға, қылмыс топпен жасалған кезде қылмысқа қатысушылардың рөлін, қылмыс ауыртпалығының дәрежесін, қылмыстық жауапкершілікті жеңілдететін немесе ауырлататын жағдайларды анықтауда әртүрлі қиындықтар туғызып қылмыскерге тиісті әділ жаза белгілеуде әртүрлі заң бұзушылықтарға жол беріп белгіленген жазаның әділетті екендігіне күмән туғызады және мұндай жағдай мемлекетіміздегі құқықтық тәртіпті нығайтуға кері әсер ететіндігі көпшілікке мәлім. Осы себептен тергеу кезінде қолданылатын тактикалық әдіс-тәсілдердің нақты оқиғадағы ахуалға сәйкестігі, таңдалған тактикалық шешімдердің заман талабына үйлесіндігі зерттеуді қажет етеді.

Сонымен бірге қоғамдағы қатынастардың, ғылым мен техниканың дамуы, жаңа қылмыс түрлерінің пайда болуын тергеу тактикасының заман талабына сай, жетілуіне қозғаушы күш бола ала ма? Осындай сұрақтарға жауап беру үшін және криминалистика саласы мен тергеу

процесіне байланысты білімді толықтыру үшін қылмыстық іс жүргізу заңдылығымен ережелері қылмыс жасаған сәтте кәмелеттік жасқа, яғни он сегіз жасқа толмаған адамдардың істері бойынша қолданылады. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша іс жүргізудің тергеу әрекетінің тәртібі қарастырылады:

1) аталған адам жасаған бірнеше қылмыс, олардың бір бөлігін ол он сегіз жасқа толғаннан кейін жасаған қылмыстар туралы істер бір іс жүргізуге біріктірілген;

2) айыпталушы сот ісін жүргізу сәтінде кәмелетке толған жағдайларда қолданылмайды².

Қылмыстық іс жүргізуде тергеліп отырған іс үшін маңызы бар мәліметтерге ие кәмелетке толмағандардан жауап алу жиі кездесетін және ең күрделі тергеу әрекеттерінің бірі болып табылады. Оны жүргізу тергеушіден жоғарғы кәсіби шеберлікті, жас өспірімдердің психологиясын терең білуді, шынайы және толық айғақтар алудың тактикалық тәсілдерін шебер қолдана білуді талап етеді. Жауап алудың күрделілігі тергеушіге көбіне айғақ беруді қаламайтын адамның қарсы тұратындығын ғана емес, сондай-ақ шын ықпалымен тергеуге көмектескісі келген адал жанның айғақтарында жіберген қателіктер мен жаңылысуларды байқап анықтауда болып табылады.

Қылмыстық іс жүргізуде кәмелетке толмағанның куә немесе жәбірленуші, сондай-ақ сезікті немесе айыпталушы бола алатындығына байланысты, олардың іс жүргізу жағдайының ерекшелігінен туындайтын ерекшеліктері болады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 215-бабында кәмелетке толмаған куәдан және жәбірленушіден жауап алудың ерекшеліктері көрсетілген³.

14 жасқа толмаған куәдан немесе жәбірленушіден жас психологиясы мен педагогикасының негіздерін меңгерген педагогтың қатысуымен жауап алынады. Жауап алынатын адамның әлеуметтік кемелдену деңгейінің жеткіліксіздігін, енжарлығын көрсететін белгілер байқалғанда, педагогтың қатысуы жөніндегі мәселе 14-тен 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға да қатысты тергеушінің қалауымен шешіледі.

Процестің осы қатысушыларынан жауап алудың өзге ерекшеліктеріне мыналар жатады:

- жауап алуға педагогпен қатар, олардың заңды өкілдерінің қатысу құқығы, мұнда заңды өкілдер педагогты алмастырмайды;

- куәлар мен жәбірленушілердің айғақ беруден бас тартқаны үшін жауаптылығы туралы ескертуді тергеуші аталған адамдар 16 жасқа жеткенде ғана жүзеге асыруы тиіс. 16 жасқа дейінгі куәлар мен жәбірленушілерге олардың тек шындықты айтуы керектігі түсіндіріледі;

- жауап алуға қатысатын педагог, кәмелетке толмаған куә мен жәбірленушінің заңды өкілдері тергеушінің рұқсатымен жауап алынатын адамға сұрақ қоя алады, сондай-ақ жауап алынатын адамның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы жөнінде ескертпелер жасап, жауап алу хаттамасына жазылуын талап ете алады;

- кәмелетке толмаған куә мен жәбірленуші өздерінің немесе жақын туыстарының қылмыс жасағанын ашатын айғақтар беруден бас тартуға құқылы. Тергеуші бұл құқықты жауап алу басталғанға дейін түсіндіреді де, ол туралы хаттамаға белгі қояды.

Кәмелетке толмаған айыпталушыдан, сезіктіден жауап алу заңда белгіленген тәртіппен қорғаушысының, заңды өкілінің, ал қажет болған жағдайда психологтың, педагогтың қатысуымен жүргізіледі. Олардан жауап алу тәуліктің күндізгі уақытында жүргізіледі және үзіліссіз 2 сағаттан артық, ал жалпы алғанда, күніне 4 сағаттан артық болмауы керек. Кәмелетке толмаған анық шаршаған жағдайда жауап алу осы уақыт аяқталмай-ақ тоқталуы тиіс.

Кәмелетке толмағандардан жауап алудың ерекшеліктерін мына жағдайлар анықтайды:

- олардың психикасының ерекшеліктері;
- өмірлік тәжірибесінің жоқтығы;
- ересектердің ықпалына тез еретіндігі;
- бойында жалған сезімдердің болуы (беделін көтеру).

Жоғарыда келтірілген ерекшеліктерді ескере отырып, тергеуші кәмелетке толмағандардан жауап алудың жалпы ережелері мен тактикалық тәсілдерін қолданып айғақтар алады.

1 Еркенов С. Е., Сұлтанов С. И. Тергеу әрекеттерінің тактикасы. — Алматы, 2002. - 11-б.

2 Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексі 1997. 13 желтоқсан. - 299-300 бб.

3 Нұрмашев Ү. Ө. Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу құқығы. — Алматы, 2008.